

№11

**Олимпиада өткізу ережесі бойынша өздеріңіз оқымай, Ғаламтордан тауып, тыңдатуыңыз керек!**

**Тыңдалым** тапсырмалары 2 бөліктен тұрады (барлығы 20 сұрақ). Бір мәтінді Ғаламтордағы көрсетілген сайт бойынша ашып, тыңдату керек, екінші мәтін облтур тапсырмаларының папкасындағы аудиожазба бойынша тыңдатылады. Тыңдалым басталмас бұрын жюри мүшелері олимпиадаға қатысушыларға тапсырмаларды орындау тәртібі жөнінде нұсқау береді. Оқушылардың тыңдауына екі түрлі мәтін ұсынылады. Мәтіндер екі рет тыңдалады. Әр мәтінге 10 сұрақ берілген. Бірінші мәтін 2 рет тыңдалып болғаннан кейін, сол мәтінге қатысты 1-ші тапсырмалар парағы таратылады да, дұрыс жауаптарды белгілеу үшін 3 минут уақыт беріледі. **Екінші тапсырма парағы тек екінші мәтін тыңдалғаннан кейін таратылады.** Содан соң екінші мәтіннің тапсырмаларын орындауға 3 минут уақыт беріледі. **Барлық тапсырмаларды орындауға 20 минут бөлінеді.**

**Бағалау:** Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі.

**Тыңдалым сайысында алуға болатын ең көп ұпай – 20.**

- Айгүл, мына кинотеатрдағы жарнамаға қарашы, қазақ фильмдер апталығы екен ғой.
- Иә, Дана, мен кеше теледидардан естідім. "Қазақфильм" киностудиясының жаңа фильмдері, Қазақстан режиссерлерінің фильмдері жүріп жатыр екен.
- Мен "Мұстафа Шоқай" фильмін көрейін деп едім. Жүр, сұрайықшы.
- Сәлеметсіз бе? "Мұстафа Шоқай" фильмі бола ма?
- Әрине, сағат 14.00-де, 16.30-да, 19.00-де. Сізге қай уақыт ыңғайлы?
- Қазір кірейік деп едік.
- Онда 14.00-ке алыңыздар.
- Жақсы, екі билет беріңіз.
- Қалай Дана, фильм ұнады ма?
- Ұнады. Өмір шындығын көрсетеді. Басты рольдегі актер жақсы ойнайды екен.
- Қырғыз актері ғой. Мұстафа Шоқай батыл, ержүрек адам екен. Фильмде ондай емес.
- Бірақ фильм өте жоғары деңгейде, маған сапасы ұнады.
- Осы аптаның аяғына дейін тағы да келейік, жаңа фильмдер көп екен ғой.
- Жарайды, көптеген қазақ фильмдері кинофестивальдерден жүлдемен оралады, сондай фильмдерді көрейік.
- Иә, мынаның бәрі сондай фильмдер ғой.